**Еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айрылған жағдайларда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 320 қаулысы

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2014 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

«Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-1-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2014 жылғы 1 сәуірге дейін тағайындалған әлеуметтік төлемдерді алушы болып табылатын адамдарға еңбек ету қабілетінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайларда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2014 жылғы 1 сәуірден бастап алатын әлеуметтік төлемдер мөлшерінің 4,59 пайызына арттыру жүргізілсін.

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК